



## Құрметті студент!

2018 жылы «Ауылшаруашылығы ғылымдары - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B080400	«Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау»	1. Гидробиология 2. Ихтиология 3. Аквакультура 4. Балық аулау

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
  - Гидробиология
  - Ихтиология
  - Аквакультура
  - Балық аулау
- Тестілеу уақыты - 180 минут.  
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Тандаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
- Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.
- Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

## Гидробиология

1. Кең және тар температуралық диапазонда тіршілік ететіндер:

- A) стенотермдер
- B) эвритермдер
- C) полиморфтар
- D) эврибионттар
- E) термотрофтар
- F) монотермдер
- G) криофильдер

2. Теңіз балықтары:

- A) жергілікті
- B) шеміршекті
- C) реофильды
- D) жартылай өткінші
- E) теңіз
- F) тұщы сулы

3. Табиғи суқоймалар:

- A) теңіздер
- B) қапастар
- C) бөгеттер
- D) каналдар
- E) бассейндер
- F) тоғандар

4. Үңгірдегі су өкілдері:

- A) троглоксендер
- B) троглофилдер
- C) троглофобтар
- D) троглофиттар
- E) амфибионттар
- F) лимнобионттар
- G) троглобионттар

5. Наннопланктондарды жинау әдістері:

- A) коагуляция
- B) салқындату
- C) сүзу
- D) центрифугалау
- E) тұндыру

6. Планктондар:

- A) олигохеттер
- B) моллюскалар
- C) копеподтар
- D) инфузориялар
- E) дафниялар

7. Органикалық заттардың су қоймаларда қалыптасуы:

- A) фотосинтез
- B) агрегация
- C) қышқылдану
- D) хемосинтез
- E) жарықтану
- F) трансформация

8. Су қоймалардың өнімділігі:

- A) таза
- B) биотикалық
- C) екіншілік
- D) биологиялық
- E) теңіздік
- F) өндірістік

9. Гидробионттардың азық түрлеріне байланысты бөлінуі:

- A) эврифагтар
- B) фитофагтар
- C) планктофагтар
- D) долифагтар
- E) детритофагтар

10. Гидробионттардың тұзға толуы жүреді:

- A) ішекте
- B) қармалауыштарында
- C) желбезекте
- D) көздерінде
- E) қабыршағында
- F) жүзбеқанаттарында

11. Желбезек көмегімен тыныс алатындар:

- A) ине терілілер
- B) қарапайымдылар
- C) моллюскалар
- D) ескектұмсықтылар
- E) балықтар

12. Тері арқылы тыныс алатындар:

- A) крабтар
- B) инетерілер
- C) шаяндар
- D) ішекқуыстылар
- E) қарапайымдылар
- F) коловраткалар

13. Су организмдерінің популяциясының тіршілік ортасына бейімделуі:

- A) морфологиялық
- B) динамикалық
- C) физиологиялық
- D) биохимиялық
- E) белсенді
- F) физикалық
- G) химиялық

14. Гидробионттар дарақтарының популяцияларда жіктелуі:

- A) тұрақты
- B) дақты
- C) біртүрлі
- D) ретсіз
- E) генеративті
- F) сирек

15. Су организмдерінің көбею әдістері:

- A) долициклдік
- B) полициклдік
- C) геноциклдік
- D) гетероциклдік
- E) моногенетикалық

16. Гидробиоценоздарға жатады:

- A) фосфофиксаторлар
- B) автотрофтар
- C) гетеротрофтар
- D) монотрофтар
- E) генатрофтар
- F) политрофтар
- G) минитрофтар

17. Биоценоздардағы популяция байланыстарының негізгі түрлері:

- A) трофикалық
- B) тропикалық
- C) субполярлы
- D) түрлік
- E) органикалық
- F) полярлық

18. Күкірт суда келесі иондардың құрамында кездеседі:

- A) сульфатты
- B) нитритті
- C) фосфорлы
- D) қышқылды
- E) сульфитті

19. Сулардың экологиялық жүйесінде азоттың қосылысы жүретін иондар:

- A) күкіртті
- B) аммонийлі
- C) кальцилі
- D) нитритті
- E) көміртекті

20. Гидрофиттердің пигментті аппараты құралады:

- A) миофибриллдерден
- B) бактериофиттерден
- C) политиндерден
- D) фикобилиндерден
- E) каротиноидтардан
- F) фикоцитиндерден
- G) хлорофиллдерден

21. Су қоймалардың өнімділігін анықтау тәсілдері:

- A) радиационды
- B) оттекті
- C) көмірқышқылды
- D) биологиялық
- E) тікелей
- F) есептеу
- G) сутекті

22. Интродукциядан натурализацияға дейінгі кезеңдер:

- A) өсу
- B) бейімделу
- C) инкубациялық
- D) даму
- E) дернәсілдік
- F) флюктациялық

23. Ағынды суларда тіршілік ететін және қалдықтарды өңдеу барысында қатысатын организмдер:

- A) Полисапробионттылар
- B) Макрофиттарлар
- C) Микробалдырлар
- D) Олигосапробионттылар
- E) Катаробионттылар
- F) Мезотрофтылар
- G) Олиготрофтылар

24. Су қоймалардың эвтрофикациясына алып келетін заттар:

- A) фосфор
- B) сутек
- C) азот
- D) тиамин
- E) биотин
- F) темір
- G) йод

25. Органикалық пестицидтерді пайдаланудағы мәселелелерді сипаттарға бөлуге болады:

- A) Зиянкестердің тұрақтылығының дамуы, шығындардың азаюы
- B) Қоршаған ортаға жағымсыз әсерлердің болуы
- C) Зиянкестер санының азаюы
- D) Ауаға жағымды әсерлердің болуы
- E) Зиянкестердің тұрақтылығының дамуы, шығынның көбеюі

**Гидробиология**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Ихтиология**

1. Балықтардың соматикалық бас еті құралады:

- A) жақ бұлшық етінен
- B) желбезекүсті етінен
- C) алты жұп көз етінен
- D) тері жабынының бұлшық етінен
- E) сегіз жұп көз етінен
- F) желбезек қақпағы етінен
- G) желбезекасты етінен

2. Балықтар тіршілік ететін аймақтар:

- A) Судағы оттегі жоқ аймақта
- B) Жерасты суларында
- C) Жерасты үңгірлерінде
- D) Биіктегі тау суларында
- E) Лава жанартауында
- F) Су айдындарында
- G) Батпақтарда

3. Көшіп-қонуына байланысты балықтар бөлінеді:

- A) азықтық
- B) қыстық
- C) жаздық
- D) күздік-қыстық
- E) жасанды

4. Жеке таңбаларды балықтарға қай дене мүшесіне бекітеді:

- A) құйрық қанаттарына
- B) ішкі құрылысына
- C) желбезек қақпақшасына
- D) бұлшық ет астына
- E) ауыз аппаратына
- F) басына
- G) қабыршағына



5. Балықтарға үйір қажет:

- A) Байланыс жасау үшін
- B) Көшіп-қону жолын іздеу үшін
- C) Ұрпағын бірігіп қорғау үшін
- D) Қарым-қатынас жасау үшін
- E) Азық табу үшін
- F) Мекен ортасын қорғау үшін
- G) Жаудан қорғану үшін

6. Үйір құрып тіршілік етудің балықтарға беретін артықшылықтары:

- A) қауіп-қатерді тез байқайды
- B) байланыс жасайды
- C) мекен ортасын қорғау үшін
- D) ұрпағын бірігіп қорғайды
- E) уылдырық санын көбейтеді

7. Зиянсыз тұраралық қарым қатынас:

- A) паразитизм
- B) комменсализм
- C) популяция
- D) нейтрализм
- E) мутуализм

8. Биотикалық себепшарттар:

- A) Бейорганикалық табиғат себепшарттар
- B) Өсу мен даму себепшарттар
- C) Антропогендік себепшарттар
- D) Сыртқы орта себепшарттар
- E) Биология себепшарттар
- F) Табиғи себепшарттар

9. Желбезектің негізгі қызметі:

- A) көмір қышқыл газын сіңіру
- B) көмір қышқыл газын бөліп шығару
- C) оттегі газын бөліп шығару
- D) есту қызметі
- E) оттегіні сіңіру
- F) газ алмасу

10. Омыртқалылардың бөлу жүйесінің эволюциясы кезектесіп орнын басқан үш түрлі орган:

- A) пронефрос
- B) жүрек
- C) талақ
- D) артериальды конус
- E) протоптерус

11. Есту мүшесіне қарай балықтар ерекшеленеді:

- A) ішкі құлақтың болуы
- B) астыңғы жақ сүйектері арқылы дыбыстарды қабылдайды
- C) денесінің барлық бетімен дыбыстарды қабылдайды
- D) есту мүшесі бүйір сызық болып саналады
- E) жоғарғы бөлігі – сопақ қап (құлақ, utriculus) және төменгі – домалақ қап (sacculus)
- F) құлақ қалқаны, құлақ тесігі және ұлуымен
- G) есту мүшесі жоқ

12. Судағы еріген оттегінің мөлшері мынаған байланысты:

- A) температураға
- B) тұздылыққа
- C) су қойма түріне
- D) географиялық ендікке
- E) тәулік кезеңіне
- F) жыл мезгіліне

13. Балықтардың тіршілік етуіне қолайлы тұз концентрациясы:

- A) беткі (0,5 – 58‰)
- B) ультратұщы(0,001‰ аз)
- C) ащы - тұзды (15 – 35‰)
- D) теңіз (25 – 40‰)
- E) тұздылау (0,5 – 25‰)
- F) тұщы(0,5‰ дейін)

14. Балықтарды өрістеу орындарына байланысты мынадай топтарға бөледі:

- A) фитофагтар
- B) хемофилдер
- C) остракофилдер
- D) геофагтар
- E) перифитонофагтар
- F) ксантофилдер

15. Уылдырықтар қандай қабықшалармен қапталған:

- A) май
- B) известі
- C) полисахаридті
- D) жабысқақ
- E) созылмалы
- F) екіншілік
- G) бастапқы

16. Жалпақ пішінді балықтарға тән қасиет:

- A) су түбінде тіршілік етеді
- B) аз қозғалады
- C) симметриялы емес қысылған дене пішінді
- D) денесі ұзарған, бірдей биіктікте екі бүйірінен қысылған
- E) жылан сияқты денесімен иіріліп жүзеді
- F) денесі лента пішінді

17. Дене пішіндерінің түрлеріне қарай балықтар:

- A) спиральтәрізді
- B) таспа тәрізді
- C) жіпше тектес
- D) жапырақтектес
- E) үшкір
- F) шынытектес

18. Қоректенуге байланысты азықтар бөлінеді:

- A) кездейсоқ
- B) ақуыздық
- C) амалсыз (түрі көп, 10% азық түрі)
- D) сүйіп жейтін (2–6 түрі, азықтың 50–70% азық түйірі)
- E) маусымаралық
- F) маусымдық
- G) жоғары құндылықты

19. Қандай сезім мүшелерімен балықтар азықтарын іздеуде қолданады:

- A) планктофагтар – негізінен бүйір сызығын
- B) бентофагтар – негізінен көру мүшесін
- C) бентофагтар- негізінен бүйір сызығын
- D) перифитонофагтар - көру мүшесін және бүйір сызығын
- E) тұщы сулы күндізгі жыртқыштар – негізінен электрорецепция мүшесін
- F) планктофагтар – негізінен көру мүшесін
- G) бентофагтар – жанасу және дәм сезу мүшесін

20. Ұршықтектес балықтар болады:

- A) жылан сияқты денесімен иіріліп жүзеді
- B) денесі лента тәрізді, сыртқа қарай ұзарған және бүйірінен қысынқы
- C) торпедатектес болады
- D) дене пішіні анық айқындалған, аздап бүйірінен қысылған, құйрығына қарай жіңішкерген
- E) денесі ұзарған, бірдей биіктікте екі бүйірінен қысылған
- F) су түбінде тіршілік етеді

21. Балықтардың денесінің сипаттамасы:

- A) денесі шартектес, кейде алдыңғы бөлігі сүйекті сауытпен қапталған, жақсы жүзеді, ұзақ миграцияға төзімді
- B) белсенді жүзетін балықтарың дене пішіні ұршықтектес, жүзбе қанаттары жақсы дамыған болады
- C) су түбінде тіршілік ететін балықтар жақсы жүзе алмайды
- D) денесі жылантектес, дөнгеленген, көлденең тіліктерінде сопайған, жұп жүзбе қанаттары болады
- E) шабуыл жасайтын балықтардың дене пішіні жебетектес, артқа жылжыған жүзбе қанаттары және соңғы ауыз болады

22. Пелагикалық түсті балықтар:

- A) алабұға
- B) губандар
- C) майшабақтар
- D) камбала
- E) хариустың шабақтары
- F) скорпена

23. Анадромды балықтар:

- A) бекіселер
- B) тез жүзгіштер
- C) жыланбалықтар
- D) албырттар
- E) ақсақалар

24. Балықтардың түрішілік қарым-қатынасына жатады:

- A) каннибализм
- B) жыртқыштық
- C) альтруизм
- D) үйір құру
- E) симбиоз

25. Бірнеше түрге зиян тигізетін тұраралық қарым-қатынастар:

- A) популяция
- B) аменсализм
- C) мутуализм
- D) жыртқыштық
- E) нейтрализм

**Ихтиология  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Аквакультура

1. Балық өсу мерзіміндегі шабақ кезеңі:

- A) жыныстық бездері тез дамуы
- B) қосалқы жыныс белгілері байқалады
- C) ұзындыққа өсуі тоқтайды
- D) қосалқы жыныс белгілері жоқ
- E) жыныс бездері дамымаған

2. Су қабатына уылдырық шашатын балықтар:

- A) бекіре
- B) албырт
- C) дөңмандай
- D) кекіре
- E) тұқы
- F) шортан

3. Дене пішіні торпеда тәрізді балықтың сыртқы көрінісі:

- A) құйрық жүзбе қанаты қысқа
- B) құйрық сабағы жіңішке
- C) арқа және құйрық қанаттары ұзын
- D) денесі екі жағынан қысыңқы және ұзын
- E) денесі дөңгелек

4. Тиляпия балығының биологиялық ерекшеліктері:

- A) оптималды су температурасы 25-35<sup>0</sup>С
- B) оптималды су температурасы 15<sup>0</sup>С
- C) жыныстық жетілуі 10 жылда
- D) салқын сүйгіш балық
- E) жартылай өтпелі балық

5. Лен бекіресін жасанды жолмен көбейту:

- A) көбеюі қысқы мерзімде
- B) судың температурасы 14-18<sup>0</sup>С
- C) жыныстық жетілуі 3 жасында
- D) салмағы 3-4 кг
- E) жыныстық жетілуі 10-12 жасынан ерте емес
- F) уылдырық шашуы судың тұздылығы жоғары кезінде

6. Бекіре балықтарының ұрықтанған уылдырықтарының жабысқақтығын кетіруге арналған заттары:

- A) су+ сүт
- B) танин
- C) жанартау балшығы
- D) тоған суы
- E) Войнарович ерітіндісі
- F) сүт ерітіндісі
- G) минералды лай

7. Бестер балығын өсіруде биологиялық ерекшеліктері:

- A) стеногалинді балық
- B) эвритермді балық
- C) тоғандарда оттегі мөлшері 2-4 мг/л
- D) өсіру барысында судың оңтайлы температурасы 35-40<sup>0</sup>С
- E) өсіру барында судың оңтайлы температурасы 20-25<sup>0</sup>С
- F) тоғандарда оттегі мөлшері 6-10 мг/л
- G) эвригалинді балық

8. Бекіре балықтарының шабақтарын кіші ауданды тоғандарда белсенді өсіруінің биотехникалық мөлшерлері:

- A) тоғанға отырғызу барысында балық салмағы 50 г
- B) тоғанға отырғызуында балық салмағы 3-5 г
- C) балық салмағы 100 г
- D) өміршеңділігі (тірі қалу) 100%
- E) өміршеңділігі (тірі қалу) 50%
- F) өміршеңділігі (тірі қалу) 95 %
- G) отырғызу тығыздылығы 100 мың.дана/га

9. Жерсіндірудің алғы шарттары:

- A) өнеркәсіптік шаруашылық
- B) биотикалық
- C) экономикалық
- D) көбею сатысы
- E) бейімделу
- F) физиологиялық

10. Тұқы шабақтарын қыстау жағдайында биотикалық фактор топтары:

- A) тоғаның тереңділігі
- B) су қойманың газдық алмасуы
- C) су құрамындағы тұздар
- D) балық салмағы мен қондылығы
- E) тоған ауданы
- F) ортаның уыттылығы

11. Тауарлы бахтақ балығын шарбақтарда өсіру көрсеткіштері:

- A) оттегі мөлшері 7 мг/л төмен емес
- B) судың температурасы 30<sup>0</sup>С
- C) судың температурасы 20<sup>0</sup>С жоғары емес
- D) отырғызу тығыздылығы 2500 дана/м<sup>3</sup>
- E) балық салмағы 10 кг
- F) оттегі мөлшері 5 мг/л

12. Балықтарға таңба салу әдістері:

- A) крио таңбалау
- B) бояғыштарды қолдану
- C) сыйымдылық индексі
- D) бас ұзындығын есептеу
- E) дене ұзындығын есептеу
- F) үлкен бастылық индексі
- G) термо таңбалау

13. Балық шаруашылығы тоғандарында үйректерді өсіру әдістері:

- A) астауда
- B) жағалаулы
- C) жағалаулы, акваториалды
- D) отарлық үйшікте
- E) салда өсіру
- F) арнайы бөлмелерде
- G) үйшіктерде

14. Жазғы тоғандар:

- A) карантинді
- B) шабақтық
- C) уақытша ұстау тоғаны
- D) уылдырық шашу
- E) басты

15. Ақсаха балықтарын тоған шаруашылығында өсірудің биологиялық ерекшеліктері:

- A) жыныстық жетілуі 15жасында
- B) жынысытық жетілуі 2-3жасында
- C) біржаздықтардың салмағы 70-90 г
- D) өсімдікқоректі
- E) максималді салмағы 30кг
- F) екі жаздықтардың салмағы 300-400 г



16. Бахтақ және алабұға гибридінің тоған шаруашылық жағдайында өсірудің биологиялық ерекшеліктері:

- A) өсімдікқоректі
- B) уылдырық шашу температурасы 18-25<sup>0</sup>С
- C) стенотермді
- D) жыныстық жетілуі 10 жасында
- E) салмағы 40кг
- F) өсімталдылығы 150мың дана уылдырық

17. Балықтар тұншығатын көлдерде тауарлы балықтарды өсіру тәсілдері:

- A) шарбақтық
- B) тәуліктік
- C) жылдық
- D) бір уақыттық
- E) маусымды

18. Көлді балық шаруашылығында балықтардың өсуіне әсер ететін басты факторлар:

- A) түр және топтар аралық балық ара қатынасы
- B) минералды заттар құрамы
- C) көлдің ұзындығы
- D) көлдің ауданы
- E) оттегі мөлшері
- F) көлдің тереңділігі
- G) балық түрлері

19. КТБШ (көл тауарлы балық шаруашылығы) ұйымдастыруының қажеттілігі:

- A) бағалы тауарлы балықтарды өсіру
- B) ұсақ балықтарды өсіру
- C) монокультура
- D) балық шаруашылығы жағдайында көлдерді қолдану
- E) поликультура
- F) пайдасыз балықтарды өсіру
- G) балық аулау жүйесінің құрастырылуы

20. Құрастырушылық шешімдері бойынша шарбақ түрлері:

- A) өзендік
- B) жүкте
- C) жүзбелі
- D) қалытқы
- E) понтонды
- F) дрифттік

21. Индустриалды балық өсіруде қолданылатын жылы су көздері:
- A) бөгет сулары
  - B) су тасқыны салымдары
  - C) геотермальді
  - D) көл суы
  - E) тоған сулары
  - F) өнеркәсіптік өндірістегі босатылған сулар
  - G) жылу электостанцияларының босатылған жылы сулары
22. Әуіттік шаруашылықтарда сумен қамтамасыз ету сызбанұсқалары:
- A) паралельді
  - B) тік нүктелі
  - C) міндетті
  - D) тұйық
  - E) қарапайым
  - F) қатармалы
23. Азықтарда қолданылатын су еріткіш витаминдер:
- A) филохинон (вит.К)
  - B) биотин (вит.Н)
  - C) кальциферол (вит.Д)
  - D) тиамин (вит.В<sub>1</sub>)
  - E) аскорбинді қышқыл(вит.С)
24. Азықтарда қолданылатын май еріткіш витаминдер:
- A) кальциферол (вит.Д)
  - B) холин (вит.В<sub>4</sub>)
  - C) тиамин (вит.В<sub>1</sub>)
  - D) ретинол (вит.А)
  - E) токоферол (вит.Е)
25. Балықтардың азықтық қажеттілігін анықтауына әсер ететін факторлар:
- A) балық ұзындығы
  - B) маусымдық өзгерістерге байланысты табиғи азықтардың үлесі
  - C) балықтардың ауру болуы
  - D) су температурасы
  - E) балық салмағы

**Аквакультура**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

## Балық аулау

1. Балықтардың мінез-құлқына әсер ететін сыртқы орта факторлары:

- A) жасы
- B) жыныстық жетілуі
- C) жарық режимі
- D) жынысы
- E) балықтардың өлшемдері
- F) түрлік қарым-қатынасы

2. Дрифтерлі аулаудың негізгі объектілері:

- A) тұқылар
- B) майшабақ
- C) скумбриялар
- D) бекіселер
- E) шырма-балықтар
- F) ақсақалар

3. Тралдар торлы бөлігінің құрылымы бойынша бөлінеді:

- A) арнайы
- B) түбілік
- C) төрттақталы
- D) екітақталы
- E) әмбебап
- F) егіздік
- G) әр түрлі түбілік

4. Қалталы жылымның формалары:

- A) бірдей биіктіктегі мәстектері бар фигуралы
- B) қанатты
- C) су түбілік
- D) мәстектерсіз болатын жылымдар
- E) орнықтырылған қанаты бар теңқабырғалы

5. Қалталы жылымдармен аулауда қолданылатын кемелер:

- A) еспелі қайықтар
- B) тоңазытқыш траулерлер
- C) жүк кемелер
- D) кіші және орта балық аулайтын сейнерлер
- E) браконьерлік кемелер
- F) моторлы қайықтар
- G) балық аулайтын рефрижераторлы траулерлер

6. Қалталы аулауда кемеңің кәсіптік құралдары келесі операцияларын орындайды:

- A) жылымды суға түсіру
- B) жылымды судан алу және ауланған балықты алу
- C) үйірдің қозғалу жылдамдығын анықтау
- D) гидрометеорологиялық жағдайын бағалау
- E) жылымдарды сұрыптау
- F) қалталау

7. Борттық қапсырмалармен аулаудың тиімділігін жоғарлату үшін қажет:

- A) жаңа кәсіпшілік схемаларын әзірлеу
- B) басқа аулау құралдарымен қолданбау
- C) жылдың кез келген уақытында қолдану
- D) қапсырманың көтеру жылдамдығын төмендету
- E) кез келген ауа райында қолдану
- F) қапсырмаларды судан шығаруды автоматтандыру
- G) кәсіптік механизмдерді тиімді жерлерге орналастыру

8. Тастама жылымның аулағыштығын жоғарылатуды оңтайландыру арқылы жүзеге асады:

- A) жылымды суға тастау мен ығызбау
- B) кемеңің жұмыс істеу
- C) жылымның жөнделу
- D) жылымдардың кептірілу
- E) жылымдардың жағдайын бағалау
- F) жылымдардың сақталу

9. Қалталы жылыммен аулау кезінде үйірлерді іздеу тәсілдері:

- A) жылымды суға тастау
- B) қарапайым
- C) қалталау
- D) ұшақтар мен тікұшақтар қолдану
- E) гидроакустикалық құралдарды қолдану

10. Тралдың торлы бөлігі дайындалады

- A) нейлоннан
- B) жүннен
- C) шәштан
- D) пластмассадан
- E) қауырсыннан
- F) мамықтан

11. Аулау құралдардың қасиеттерінің өзгеру мен біріктіру элементтерінің бұзылу түрлері:

- A) эксплуатациялық
- B) технологиялық
- C) бірте-бірте
- D) көрінетін
- E) тәуелді
- F) күтпеген жерден

12. Аулау құралдарды қолдану кезеңдері:

- A) тозу
- B) анда-санда пайдалану
- C) жөндеу
- D) бөлу
- E) бағалау

13. Құрма ауларды құру тәсілдері:

- A) жетек арқандарға
- B) жағаға
- C) қадаларға
- D) ығызбаға
- E) топыраққа

14. Құрма аумен ауланатын балықтар:

- A) ауру
- B) жас
- C) қозғалғыш
- D) сиретілген
- E) үйірлік

15. Өзендік ығызба аулармен аулау технологиясының операциялары:

- A) ауларды сатып алу
- B) ауларды құрғату
- C) ауларды зәкірлерге құру
- D) ауларды жинақтау
- E) ауларды жөндеу
- F) балықты іздеу
- G) ауларды шығару
- H) судың бетіне шығу

16. Өзендік ығызба аулармен балық аулау тәсілдері:

- A) ау ағысқа қарама-қарсы бағытта жүзеді
- B) ауды ағыс бойымен бір кемемен буксирлейді
- C) ауды кеме жүзе алатын арнаға қояды
- D) ауды ағысқа қарсы кемемен бірге буксирлейді
- E) ауды өзеннің жиегіне кесе-көлденең қояды
- F) ау ағыс бойымен қалқып жүзеді
- G) ауды ағысқа қарсы үш кемемен буксирлейді
- H) ауды ағыс бойымен екі кемемен буксирлейді

17. Дрифтерлі аулау интенсификациясын жоғарылату шаралары:

- A) ауларды аулау нысандары қоректенетін азықтардың түсіне сәйкес бояу
- B) пиротехникалық өнімдер
- C) қалыпты фототаксис
- D) ауларды арнайы химиялық құрамдармен сіңіреді
- E) гидроакустикалық аппаратура

18. Тастама жылымдармен аулаудың тиімділігін жоғарылату жолдары:

- A) акустикалық дыбыстар
- B) торкөздердің көлемін таңдау
- C) балық аулайтын команданың біліктілігін жоғарылату
- D) жаңа мамандарды жұмысқа тарту
- E) аулайтын орынды таңдау
- F) команданың техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілуін жақсарту
- G) жасанды жарықты пайдалану
- H) жаңа торлы маталарды сатып алу

19. Ішкі су қоймалары телімдерінде тастама жылымдармен пайдалану телімдері:

- A) тереңде
- B) қиындығы көп телімдерде
- C) ашық суларда
- D) өзендерде
- E) суаттарда
- F) өсіп кеткен телімдерде
- G) үлкен телімдерде
- H) бұдырлы су телімдерінде

20. Балықтардың бағдарлау реакциясын туғызады:

- A) қақпандар
- B) борттық қапсырмалар
- C) құрма аулар
- D) қалталы жылымдар
- E) балықсорғысы
- F) трал
- G) дрифтерлі аулар

21. Торлы матамен түйіскен кезде мүмкіндік тұғызады:

- A) балықты шығарады
- B) балықтарды бағытталған жаққа қозғалтады
- C) балықты ұстайды
- D) балықтар тік өрістейді
- E) балықтарға көлденінен өрістейді
- F) балықтарды шоғырландырады
- G) балықтарды қоректендіреді

22. Үйірлердің алуан түрлі формалары:

- A) түбілік
- B) қорыққан
- C) тығыздалған
- D) сиретілген
- E) қыстап шыққан
- F) сиретілмеген

23. Сүзіп аулайтын аулау құралдар:

- A) мерез
- B) қалталы жылым
- C) нәрете
- D) өзендік ығызба аулар
- E) құрма жылымдар
- F) тастама және сутүбі жылымдар
- G) дрифтерлі аулар

24. Балықсорғысы құралымен аулады автономиялық ұйымдастыру:

- A) торлы материалдарды сақтау
- B) жағадағы базаларға тапсыру
- C) кәсіптік құралдарды жөндеу
- D) балықтарды жартылай дайын өнімге өңдеу
- E) кәсіптік құралдарды тексеру
- F) кәсіптік құралдарды жинақтау

25. Балықсорғысы құралдарымен аулау операциялар:

A) кәсіптік құралдарды жөндеу

B) балықтарды аулау

C) аулауға дайындалу

D) балықтардың түрін анықтау

E) балықтардың жасын анықтау

F) гидродинамикалық өрістердің әрекет ету аймақтарының ұзындық өлшемдерін анықтау

**Балық аулау  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**